



Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ  
«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2022 – 2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

*Бағыты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту*

# 2022-2023 оқу жылына арналған ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

## ТҮСІНІК ХАТ

«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2022 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады.

«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныбында – 13 оқушы бар.

Оқыту тілі- қазақ . 5-күндік оқу жүйесімен оқытылады.

Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

*Тәрбиелеу және оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері*

Мектепалды даярлық сыныбы

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

**«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Мектепалды даярлық тобының 2022- 2023 оқу жылына арналған  
жұмыстық оқу жоспары:**

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен 3-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының  
оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы «09» қыркүйек  
№ 394 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
3-қосымша

**Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті                        | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|-------|---|---------------------------|------------------------------|
| 1     | Дене шынықтыру  |                           | 3 сағат                      |
|       | Дене шынықтыру **   | күн сайын                 |                              |
| 2     | Сөйлеуді дамыту   |                           | 2 сағат                      |
|       | Тілдік қарым-қатынас  | күн сайын                 |                              |
|       | Көркем әдебиет  |                           | 2 сағат                      |
|       | Тілдік қарым-қатынас  | күн сайын                 |                              |
|       | Қазақ тілі  |                           | 2 сағат                      |
|       | Қазақ тілі ***  | күн сайын                 |                              |
| 3     | Сауат ашу негіздері   |                           | 3 сағат                      |
|       | Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет                             | күн сайын                 |                              |
| 4     | Математика негіздері  |                           | 3 сағат                      |
|       | Танымдық, зерттеу әрекеттері                                      | күн сайын                 |                              |
| 5     | Қоршаған ортамен танысу   |                           | 2 сағат                      |
|       | Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу | күн сайын                 |                              |
| 6     | Сурет салу  |                           | 1 сағат                      |
|       | Мүсіндеу  |                           |                              |
|       | Жапсыру   |                           |                              |
|       | Құрастыру   |                           |                              |
| 7     | Шығармашылық әрекет, бейнелеу                                     | күн сайын                 |                              |
|       | Музыка  |                           | 2 сағат                      |
|       | Музыка ****   | күн сайын                 |                              |
| 8     |   | -                         | 20 сағат                     |

Барлығы 1 бет  
Мектеп директоры А. Дошаев

